

Қамқоршылық кеңесінің № 4 (кезектен тыс) отырысы

Аманкөл ауылы

27 - мамыр 2024 жыл

Т. Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысы болып өтті.

Қатысқаны: 9

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылында жарытылыстану бағыты лагерге баратын арнайы мемлекеттік әлеуметтік көмекті алатын білім алушыларды және күнкөріс деңгейі төмен бірақ атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы көп балалы отбасы балаларын, ерекше білімді қажет ететін білім алушыларды жазғы демалыс лагерлеріне баруға аудандық білім бөлімінен құрылған комиссияға ұсыну

Тыңдалды:

1. А. Е. Елеусіз - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары м.у.а: Арнайы мемлекеттік әлеуметтік көмекті алатын, көп балалы отбасы білім алушыларын және қамқоршылықтағы оқушының тізімін қамқоршылық кеңесінің назарына ұсынды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына 12-қосымша "Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде ұсынылатын құжаттар, тиісті балалар санаттарын хабарлама түрінде айтып өтті.

Сөйлеушілер:

2. Ш. Құлжабаева - Қамқоршылық кеңестің төрайымы: Аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан Әбілқасымқызы Кәусар, Ғазизқызы Айару, Тазабай Сезім, Үмбетбай Инжу, Сайымбекқызы Гүлбахар қала сыртындағы орналасқан «Шұғыла» лагеріне ұсынып отырмыз. Мен осы аталған оқушылардың барғанына қарсы емеспін. Балалардың жазғы демалысы, бос уақытын тиімді ұйымдастыру барысында жүргізілген жұмыстарға қосыламын.

3. Р. Арықбаева - қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

Көп балалы отбасынан шыққан оқушылардың да лагерге баруына еш қарсылығымыз жоқ. Мемлекет қазір мүмкіндікті бұл отбасыларға да молынан жасап отыр. Балалардың көргендері дұрыс. Осындай көп балалы отбасы балалары да қамтылуына ұсыныс етемін.

4. Б. Өрікбаев - қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Қала сыртындағы лагерге 6 оқушыға сұраныс бере отырып, облыстық лагерге жіберуге ұсынғанымыз дұрыс!

«Шұғыла» Ақтөбе облыстық лагеріне төмендегі оқушыларды ұсынамыз:

1. Үмбетбай Инжу - 5 класс
2. Тазабай Сезім - 6 класс
3. Әбілқасымқызы Кәусар - 6 класс
4. Ғазизқызы Айару - 7 класс
5. Сайымбекқызы Гүлбахар - 7 класс

**Т. Жаманмұырнов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің
жанынан құрылған қамқоршылық кеңесінің отырысы
Қаулы етеді:**

1. 2023-2024 оқу жылында лагерьге баратын арнайы мемлекеттік әлеуметтік көмекті алатын білім алушыларды және қамқоршылықтағы оқушы мен көп балалы отбасы балаларын лагерьге қатысуға аудандық білім бөлімінен құрылған комиссиядан сұралсын;
2. Лагерьге баратын оқушылардың құжаттарын дайындау, ата-аналармен жұмыс жасау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары м.у.а. А. Елеусізге ұсынылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Хатшы:

Мүшелері:

Ш. Құлжабаева

Ш. Қалиев

Р. Арыкбаева

Б. Өрікбаев

Ш. Қуандықова

Б. Ербатырова

Б. Ошақбаев

К. Байнияз

С. Көбенова

Б. Үмбетбай

Қамқоршылық кеңесінің № 5 (кезектен тыс) отырысы

Аманкөл ауылы

27 - мамыр 2024 жыл

Т. Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысы болып өтті.

Қатысқаны: 9

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1.2023-2024 оқу жылында жарытылыстану бағыты лагерге баратын арнайы мемлекеттік әлеуметтік көмекті алатын білім алушыларды және күнкөріс деңгейі төмен бірақ атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы көп балалы отбасы балаларын, ерекше білімді қажет ететін білім алушыларды жазғы демалыс лагерлеріне баруға аудандық білім бөлімінен құрылған комиссияға ұсыну

Тыңдалды:

1. А. Е. Елеусіз - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары м.у.а: Арнайы мемлекеттік әлеуметтік көмекті алатын, көп балалы отбасы білім алушыларын және қамқоршылықтағы оқушының тізімін және өгей отбасымен тұратын білім алушыға қамқоршылық кеңесінің назарына ұсынды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына 12-қосымша "Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде ұсынылатын құжаттар, тиісті балалар санаттарын хабарлама түрінде айтып өтті.

Сөйлеушілер:

2. Ш. Құлжабаева - Қамқоршылық кеңестің төрайымы: Менің ұсынысым өгей әкемен тұратын тәртібі жақсы, 6 класс білім алушысы Тазабай Сезімді қала сыртындағы орналасқан «Шұғыла» лагеріне ұсынып жіберейік. Балалардың жазғы демалысы, бос уақытын тиімді ұйымдастыру барысында жүргізілген жұмыстарға қосыламын.

3.Р. Арықбаева - қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

Өгей әкесімен тұратын Тазабай Сезімді лагерге баруына еш қарсылығымыз жоқ. Мемлекет қазір бұл отбасыларға да бақылау жасап отыр. Баланың лагерге барғаны дұрыс. Осындай өгей әкесімен тұратын балаға қолдау көрсетіп, қала сыртындағы лагерге қамтылуына ұсыныс етемін.

4.С. Көбенова - қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Қала сыртындағы лагерге баруға Тазабай Сезімге барлығымыз қолдау көрсетіп, сұраныс бергеніміз дұрыс деп санаймын.

**Т. Жаманмұырнов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің
жанынан құрылған қамқоршылық кеңесінің отырысы
Қаулы етеді:**

1. 2023-2024 оқу жылында қала сыртындағы лагерге өгей отбасында тұратын Тазабай Сезімді лагерге қатысуға аудандық білім бөлімінен құрылған комиссиядан сұралсын;
2. Қала сыртындағы лагерге баратын Тазабай Сезімнің құжаттарын дайындау, ата-анасымен жұмыс жасау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары м.у.а. А. Елеусізге ұсынылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  Ш. Құлжабаева
Хатшы:  Ш. Қалиев
Мүшелері:  Р. Арықбаева
 Б. Өрікбаев
 Ш. Қуандықова
 Б. Ербатырова
 Б. Ошақбаев
 К. Байнияз
 С. Көбенова
 Б. Үмбетбай